



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2017 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріне үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмектесу болып табылады. Осы шолу Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертпелермен бірге қарастырған жөн. Барлық қаржылық деректер және олардың талқылауы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді.

Аталған есепте «ҚМГ», «Компания», «Топ» терминдері «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ, оның еншілес және пропорционалды шоғырландырылған қоғамдарды білдіреді. «Бірлескен кәсіпорындар» термині үлестік қатысу әдісі арқылы көрсетілетін қоғамды білдіреді. Топтың есеп саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар үлестік қатысу әдісі арқылы ескеріледі, демек, жолма-жол шоғырландырылмайды («үлестік қатысу әдісімен ескерілетін кәсіпорындар»).

Мұнай мен газдың берілген қорлары қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар қорларының пропорционал үлесін және егер өзгеше көрсетілмесе, еншілес ұйымдар қорлары үлесінің 100% қамтиды.

Өндірілген мұнайдың тоннасы Топ кен орнының әрқайсысында мұнайдың тығыздығын ескеретін коэффициенттерді пайдалана отырып баррельмен қайта есептеледі.

Есепте болжамды сипаттағы белгілі бір өтініштер қамтылуы мүмкін. Мынадай «деп санайды», «күтеді», «күтіледі», «көздейді», «білдіріліп отыр», «бағалайды», «тиіс», «болады», «жалғастырылатын болады», «мүмкін», «ықтимал», «жоспарлайды» сияқты немесе осыған ұқсас сөз тіркестері, олардан туындайтын сөз тіркестері болашақ нәтижелердің тарихи фактілері және кепілдіктері болып табылмайды.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	4
2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	4
2.1. Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі	5
2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі	6
2.3. Мұнай мен газды тасымалдауға арналған тарифтер	6
2.4. Өңдеуге арналған тарифтер	7
2.5. Салық салу	7
3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	9
3.1. Мұнай мен конденсатты өндіру	9
3.2. Газ өндіру	10
3.3. Мұнайды магистралды құбырмен тасымалдау	10
3.4. Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау	11
3.5. Газды тасымалдау	11
3.6. Мұнайды өңдеу	12
3.7. Мұнай мен газды өткізу	13
4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	13
4.1. Кірістер	14
4.2. Шығыстар	15
4.3. Күрделі шығындар	18

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Есепті кезең ішіндегі маңызды оқиғалар

2017 жылғы 1-тоқсан ішінде Топ қызметінің нәтижелеріне әсер еткен елеулі оқиғалардың сипаттамасы:

2017 жылғы 19 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) ұстаушысы "Қазақстанның Даму банкі" болып табылатын шығарылған облигациялар бойынша ішінара өтелуін жүзеге асырды. Өтеу сомасы 5 006 615 мың теңге сомасындағы сыйақыны қоса алғанда, 22 568 510 мың теңгені құрады.

2017 жылғы 27 қаңтарда ҚМГ БӨ 2009-2012 жылдардағы кешенді салықтық тексеруге байланысты апелляцияның нәтижелері бойынша хабарлама және Мемлекеттік кірістер комитетінің жалпы салықтық борыш пен өсімақыны 11 483 миллион теңгеге дейін төмендету бойынша тиісті шешімін алды. 2017 жылғы 31 қаңтарда ҚМГ БӨ 2009-2012 жылдардағы кешенді салықтық тексеруге байланысты әкімшілік айыппұлды 2 002 миллион теңгеге дейін қысқарту бойынша Астана қаласы Арнайы ауданаралық әкімшілік сотының шешімін алды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген салықтарды төлеуге арналған резервтер осы шешімді ескере отырып 18 754 миллион теңгеге төмендетілді.

2017 жылғы қаңтарда «АМӨЗ» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымы) «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-тан алынған жалпы сомасы 21 093 млн. теңге және тиісінше 9 756 млн. теңге негізгі қарыз бен қарыздар бойынша сыйақыны төледі.

2017 жылғы 17 ақпанда Компания белгіленген тәртіппен 1 296 788 жай акцияны орналастырды. Компания жалпы сомасы 12 968 миллион теңгеге газ құбырлары мен оларға ілеспе құрылыстардың төлемін және 1,3 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатын алды (2017ж.21.02 есептелді).

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және ҚР Ұлттық банкінің шешімі бойынша жалпы сомасы 6 670 млн. теңге болатын дивидендті есептеп жазды және 2013 жыл үшін жалпы сомасы 39 207 млн. теңге болатын дивидендті бөлді.

2017 жылғы 19 сәуірде Компания жалпы көлемі 2,75 миллиард АҚШ доллары болатын (854 315 млн. теңгеге балама) Компания және Kazmunaigaz Finance Sub B.V. (еншілес компания) шығарған көлемі 10,5 миллиард АҚШ доллары болатын орта мерзімді жаңандық ноталарды шығарудың ағымдағы бағдарламасы шеңберінде еурооблигациялардың шығарылымын орналастыру процесін аяқтады.

2017 жылғы 18 және 26 сәуірде Компания жалпы сомасы 18,4 млрд. теңге болатын «Самұрық-Қазына» АҚ-тың процентсіз қосымша қарыздарын ұсынды.

2017 жылғы сәуір-мамыр айларының ішінде Компания жалпы сомасы 33,8 млрд. теңге болатын еурооблигациялар бойынша сыйақы төлемдерін жүргізді.

2017 жылғы 5 мамырда салық органдары 2016 жылдың қорытындылары бойынша бұрын мәлімделген КТС бойынша аванстық төлемдердің қайтарылуына байланысты және 2009-2012 жылдар үшін кешенді салықтық тексеру нәтижелеріне шағым жасау нәтижесінде жалпы сомасы 27 млрд. теңге ҚМГ БӨ алдын ала төленген салықтар сомасының қайтарылуын жүзеге асырылды.

2017 жылғы 15 маусымда ҚМГ БӨ 1 АҚШ долларына MOL Hungarian Oil and Gas Plc. ("MOL") компаниясынан KS EP Investments BV ("KS EP") компаниясының 49% қатысу үлесін сатып алды және қазіргі сәтте KS EP компаниясында 100% қатысу үлесіне иелік жасайды.

2017 жылғы 30 маусымда Шымкент мұнай өңдеу зауытында («ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС) шикізатты алдын ала гидротазалау блогымен жеңіл бензиндік фракцияларды изомеризациялау қондырғысы пайдалануға енгізілді және K4 және K5 экологиялық сыныпты автобензиндердің алғашқы сертификатталған партиясы алынды. Сонымен, «Шымкент мұнай өңдеу зауытын (Шымкент МӨЗ) жаңғырту және қайта құру» жобасының 1-сатысы аяқталды.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсерін тигізген басты факторлар мыналар болып табылады:

- шикі мұнайға және мұнайды өңдеу өнімдеріне бағалардың ауытқуы және Компанияның мұнайды алдын ала сатуы;
- валюталық бағамның өзгерістерінің ықпалы;
- мұнай мен газ тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу;

Төменде топтың қызметіне әсер еткен 2017 жылғы 1-ші жартыжылдық ішіндегі макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Өзгеріс	
				абс	%
Кезең соңындағы инфляция (ИПЦ, өткен жылдың тиісті айына %)	%	107,5	117,3	-9,8	-8,4%
Долларға теңгенің айырбас бағамы, есепті кезеңде орта есеппен	Теңге/АҚШ доллары	318,7	346,1	-27,4	-7,9%
Мұнайға экспорттық кеден бажы	АҚШ долл./тонна	48,5	34,8	13,7	39,3%
Brent маркалы мұнай	АҚШ долл./барр.	51,8	39,7	12,0	30,4%
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 269	2 121	148	7,0%
Ең төменгі жалақы мөлшері (ТЖМ)	теңге	24 459	22 859	1600	7,0%

2.1. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің нарықтық бағаларының өзгеруі

Шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған бағалар халықаралық және қазақстандық нарықта Компания қызметінің нәтижелеріне елеулі ықпалық көрсетуде.

Әлемдік мұнай бағаларының өзгерісі (АҚШ долл. /барр.)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, %
Brent мұнайы	51,8	39,81	12,0
Urals мұнайы	50,5	38,18	12,3

Тұтастай алғанда, шикізатқа бағаның өзгеруі Компанияға байланысты емес бірқатар себептермен айтылған және Компания басшылығы мұнай бағасының құбылмалылық дәрежесін алдын ала айта алмайды.

Халықаралық және қазақстандық нарықта мұнай өнімдеріне арналған бағалардың қарқыны бірқатар факторлармен айқындалады, олардың арасында ең маңыздысы шикі мұнай бағалары, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, бәсекелестік, мұнайды өңдеудің түпкі немесе аралық өнімдерге қайта өңдейтін кәсіпорындардан өткізу нарықтарының қашықтығы, мұнай өнімдерін жеткізуге маусымдық тапшылық, атап айтқанда маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына байланысты және қалалардан ауыл шаруашылығы аудандарына жеткізілімдерді қайта бөлуге байланысты болып табылады.

Мұнай өнімдеріне арналған орташа әлемдік бағалар	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, %
Мазут	АҚШ долл./тонна	298,9	173,7	72%
Нафта	АҚШ долл./тонна	449,5	346,7	30%
Авиаотын	АҚШ долл./тонна	488	380	28%
Вакуумды газойль	АҚШ долл./тонна	371,6	277,7	34%

ҚР-дағы мұнай өнімдеріне орташа бағалар	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, %
Авиаотын	теңге/тонна	199 800	129 000	55%
АИ-95/96 маркалы бензин	теңге/л	155	138	12%
АИ-92/93 маркалы бензин	теңге/л	142	123	15%
АИ-80 маркалы бензин	теңге/л	89	89	0%
Жазғы дизель отыны	теңге/л	133	97	37%

2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі

АҚШ долларына қатысты теңге бағамының өзгеруі Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне айтарлықтай әсер етті және әсер етуін жалғастыра беретін болады, себебі Компанияның шикі мұнайды және мұнай өнімдерін сатудан түсетін кірістерінің айтарлықтай бөлігі АҚШ долларымен өрнектеледі, ал Компания шығыстарының айтарлықтай бөлігі теңгемен өрнектеледі. Сонымен, Компания қарыздарының және кредиторлық берешегінің үлкен бөлігі АҚШ долларымен деноминацияланған.

	Кезең ішіндегі орташа бағам	Кезеңнің аяғында
1-жартыжылдықта, 2017 жылғы 30 маусымда (1 доллар үшін қазақстандық теңге)	318,69	322,27
1-жартыжылдықта, 2016 жылғы 30 маусымда (1 доллар үшін қазақстандық теңге)	345,34	345,34

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2.3. Мұнай мен газды тасымалдауға арналған тарифтер

Мұнайды магистралды құбырмен тасымалдау

Қазақстандағы мұнай өндіретін өңірлердің басым бөлігі мұнай және мұнай өнімдерін өткізудің негізгі нарықтарынан қашықтықта орналасқандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының дамушылық дәрежесіне, сондай-ақ оған қолжетімділік мүмкіндігіне байланысты.

Топ «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компаниясына тиесілі Қазақстандағы магистралды құбырлар жүйесі арқылы экспортқа және ішкі нарыққа сататын шикі мұнайдың біраз бөлігін тасымалдайды. Сондай-ақ Топ Каспий Құбыр консорциумы мұнай құбырындағы 20,75% мөлшеріндегі акционерлік капиталға ие, оның ішінде ҚР Үкіметі - 19% және Қазақстан Пайплайн Венчурс ЖШҚ - 1,75%.

Магистральдық мұнай құбырлары бойынша шикі мұнайды тасымалдауды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген үлгі шарт нысанына сәйкес тұтынушылар (НГДО және т.б.) в мен олардың арасында жасасылған мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ДСКО-сы жүзеге асырады. Аталған шарттармен мұнайды тасымалдау кезіндегі тапсырылатын/қабылданатын мұнайдың сапалық сипаттамаларын қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттері бекітілген. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың және оның ДСКО-сының магистральдық мұнай құбырлары бойынша ішкі нарыққа және экспортқа Топтың мұнайын тасымалдау басқа өндірушілердің мұнайымен қосу арқылы жүзеге асырылады.

2015 жылғы мамырда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылдануымен табиғи монополиялар саласынан Қазақстан Республикасының аумағы және Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі экспорт арқылы транзит мақсатында мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер алынып тасталды. 2015 жылғы маусымда «ҚазТрансОйл» АҚ магистралды құбырлар бойынша мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерге мынадай тарифтерді бекітті (№64 бұйрық):

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі экспорттау мақсатында – 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізумен 1000 км 1 тоннасы үшін 5 817,2 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- Түймазы-Омск-Новосибирск-2 магистралды құбырының қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында – 2015 жылғы 26 маусымнан бастап қолданысқа енгізілуімен 1000 км 1 тоннасы үшін 1 727,1 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз).

Ел ішіндегі мұнай тасымалдауға арналған тарифтер Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен бекітілген (2015 жылғы 21 тамыздағы №347-ОД бұйрық). 2015 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілуімен 2015-2019 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистралды құбырлар жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығында мұнайды айдау жөніндегі реттелетін қызметке тарифтік смета және тарифтердің шекті деңгейлері мынадай мөлшерде бекітілген:

- 2015 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);

- 2017 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз);

Газды тасымалдау

Магистралды газ құбырлары мен газ тарату жүйелері арқылы газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компанияларының тобы жүзеге асырады. Газды магистралды тасымалдауды «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындары жүзеге асырады. Тарату газ құбырлары бойынша тасымалдауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырылады.

2014 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, «Самұрық-Қазына» АҚ және ИОА арасында сенімгерлік басқару туралы шартқа қол қойылды, осыған сәйкес ИОА құбырлар жүйесінің сенімгерлік басқарушысы болып тағайындалды. Сенімгерлік басқару туралы шарт ИОА өндіріп алатын тарифтерді реттейді, ол Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленуі тиіс.

Газдың халықаралық транзиті мен экспорты бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер

ИОА экспорттық тарифтерді мемлекеттік реттеуді қабылдамаған сәттен бастап Табиғи монополиялар комитеті тарапынан келісімсіз халықаралық тасымалдау бойынша өз әріптестерімен халықаралық тасымалдауға арналған тарифтерді талқылайды, белгілейді және келіседі. Газды халықаралық тасымалдауға арналған тарифтердің басым бөлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет бекітпей, шарттық негізде айқындалады.

Ішкі нарықта магистралды газ құбырлары және тарату газ құбырлары арқылы газ тасымалдауға арналған тарифтер

Газды ішкі нарықта тасымалдауға арналған тарифтерді заңнамада белгіленген тәртіппен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі - ТМРЖБҚК) реттейді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-тың Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін магистралды құбырлар бойынша тауарлы газды тасымалдауға арналған тарифтер мынадай мөлшерде белгіленген:

- 2014 жылдан бастап – мың текше метр үшін 1 380 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – мың текше метр үшін 2 212,7 теңге (ҚҚС-сыз).

2.4. Өңдеуге арналған тарифтер

Көмірсутегі шикізатын өңдеу бойынша қызметтерді АТМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП көрсетеді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 29.10.15 ж. № 376-V Заңына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өңдеуге арналған бағаларды мемлекеттік реттеу алынып тасталады. 2016 жылы және 2017 жылдың 1-жартыжылдығында қолданылған тарифтер төменде келтірілген:

	2016 ж.	2017 жылғы 1 сәуірден бастап
АМӨЗ	20 501,0	24 512
ПМХЗ	14 895,2	14 895
ПКӨП	11 453,8	11 454

2.5. Салық салу

Төменде келтірілген кестеде тиісті кезеңдерде Топ қолданылатына салықтардың белгіленген мөлшерлемелері берілген:

Салық	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Өзг., %	Салық салынатын база
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	-	Салық салынатын кіріс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	-	Тауарлар, жұмыстар, қызметтерді өткізу

Салық	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Өзг., %	Салық салынатын база
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	-	бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық теңгерімдік құны
Жер салығы	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындау және сапасына байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындау және сапасына байланысты мөлшерлеме		жер учаскесінің алаңы
Қоршаған ортаның ластанғаны үшін төлем	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме		қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормативтерінің шегінде және (немесе) одан тыс эмиссиялардың іс жүзіндегі көлемі
Экспортқа рентті салық, орташа мәні	0%-32% Мұнайға әлемдік бағаға байланыстырылған шкала бойынша	0%-32%		шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері экспортының көлемі
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС), орташа мәні	0%-18%	0%-18%		өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны
Үстеме пайдаға салық (ҮПС)	0%-60%	0%-60%		таза кіріс
Шикі мұнайға және газ конденсатына акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна		өндірілген, өткізілген шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі

1-тоннаға (теңгемен) акциздердің мөлшерлемесі және баждар

	2017 жылдың 1-жартыжылдығы		2016 жылдың 1-жартыжылдығы		Өзг., %	Салық салынатын база
	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизельдік отын (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизельдік отын (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)		
Мұнай өнімдеріне арналған акциз						өндірілген, өткізілген мұнай өнімдерінің көлемі
Меншікті өндірістің бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды өндірушілердің көтерме саудада өткізуі	10 500	Сәуір-қазан - 9300, қараша-наурыз -540	10 500	540		
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды көтерме саудада өткізуі	-	-	-	-		
Бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отын өндірушілерінің бөлшек саудада өткізуі, меншікті өндірістік қажеттіліктерге пайдалануы	11 000	Сәуір-қазан - 9360, қараша-наурыз -600	11 000	600		
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды бөлшек саудада өткізуі, меншікті өндірістік қажеттіліктерге пайдалануы	500	60	500	60		
Импорт	4 500	540	4 500	540		
Өңделме шикізатты өңдеудің өнімі болып табылатын Салық кодексі 279-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларды беру	10 500	Сәуір-қазан - 9300, қараша-наурыз -540	10 500	540		

1-тоннаға (теңгемен) акциздердің мөлшерлемесі және баждар				
	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Өзг., %	Салық салынатын база
Шикі мұнайға экспорттық баж	Мұнайға әлемдік бағаға байланыстырылған шкала бойынша	Мұнайға әлемдік бағаға байланыстырылған шкала бойынша		экспорттық көлем

Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтардың, экспортқа ренттік салықтың және мұнайға және мұнай өнімдеріне экспорттық баждардың мөлшерлемелері мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған және тиісінше өзгеріп тұрады. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында шикі мұнай мен газ конденсатын өткізу және (немесе) берген жағдайда, оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру арналған салықты, экспортқа ренттік салықты, роялти және мемлекеттің атынан алушыға өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін немесе белгіленген мөлшерлемелерге өзінің өндірістік қажеттіліктерін пайдаланудан түскен үлесті төлеу шотына заттай нысанда 0,5 төмендетуші коэффициент қолданылады. Табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық мөлшерлемесі 10 пайызды құрайды. Ішкі нарықта табиғи газды өткізген кезде пайдалы қазбаларды өндіру салығы жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер бойынша төленеді.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кеден баждарының үдемелі шкаласын енгізді. Жаңа режимге сәйкес экспорттық кеден баждары Brent пен Urals маркалы мұнайға шикі мұнайдың әлемдік нарықтарында қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Сондай-ақ 2016 жылғы 1 наурыздан бастап бір тоннасы үшін 30 АҚШ долларына дейін мазутқа ЭКБ төмендетілген. Мұнай шкаласы бойынша - әлемдік баға бір баррель үшін 25 доллардан төмен болған кезде ЭКБ мөлшерлемесі 0 теңестіріледі, мұнайға әлемдік баға бір баррель үшін 25 доллардан жоғары болған кезде ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады.

Экспортқа ренттік салық бір баррелі үшін 40 доллардан асатын мұнайға әлемдік баға кезіндегі мөлшерлеме шкаласы арқылы есептеледі.

3. ТОПТЫҚ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып мұнай мен конденсатты өндіру (мың тонна)	11 616	11 325	291	3%
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып газ өндіру (млн. текше м.)	4 032	3 675	357	10%
Меншікті МӨЗ және бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ мұнайды өңдеу (мың тонна)	8 177	8 169	8	0%
Мұнайды магистралды құбырлармен тасымалдау (мың тонна)	28 893	28 278	615	2%
Мұнайдың жүк айналымы (млн. тонна* км)	23 097	21 684	1 412	7%
Теңіз көлігімен мұнай тасымалдау (мың тонна)	3 096	3 383	-287	-8%
Газды магистралды газ құбырларымен тасымалдау (млн.м3)	47 667	44 892	2 775	6%
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м3*км)	21 784	20 468	1 316	6%

3.1. Мұнай мен конденсатты өндіру

Мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру (оның ішінде Қаз ГӨЗ)	5 887	6 082	-195	-3%
"Өзенмұнайгаз" АҚ	2 703	2 780	-77	-3%
"Ембімұнайгаз" АҚ	1 398	1 407	-9	-1%
Қазгермұнай (50%+50%*33%)	945	970	-25	-3%
Торғай-Петролеум (50%*33%)	47	57	-10	-18%
ПКИ (100%*33%)	262	337	-75	-22%

Қаражанбасмұнай (50%)	528	526	2	0%
"ҚазГПЗ" ЖШС	4	5	-1	-20%
Теңізшевройл (20%)	2 918	2 878	40	1%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	1 566	1 564	2	0%
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.»(10%) *	566	485	81	17%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	175	196	-21	-11%
Қазақтүрікмұнай (100%)	201	110	91	83%
KMG Kashagan B.V. (50%)	291	0	291	-
ҚазТрансГаз (Аманкелді Газ)	11	10	1	10%

Есепті кезеңде мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 11 616 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 291 мың тоннаға артық.

Мұнайды және конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемінің құрылымында ҚМГ БӨ АҚ-қа 2017 жылғы бірінші жарты жылдықта 50,7% үлесі және 2016 жылғы бірінші жарты жылдықта 53,7% үлесі келеді (Қазгермұнайгаз, SCEL және ПКИ компанияларындағы ҚМГ БӨ АҚ-тың пропорционал үлестерін қоса алғанда). ҚМГ БӨ АҚ бойынша өндіру көлемінің азаюы негізінен «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша бұрғыланған ұңғымалардың аз саны есебінен, сондай-ақ ПКИ компаниясы бойынша ПКИ компаниясының кейбір кен орындарында қордың табиғи азаюына байланысты болды.

Жоғарыда аталған азаю 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап Қашаған кен орнында өндірудің қайта жаңғыртылуымен, сондай-ақ 2016 жылы ұңғымаларды электрлік центрден тепкіш сорғыларға көшіру бойынша жұмыстардың жүргізілуіне байланысты «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-ның өндіру көлемінің өсуімен теңестірілді.

3.2. Газ өндіру

2017 жылы 1 жарты жылдықта шоғырландырылған газ өндіру Топ бойынша 4 032 млн. м³ құрады. 2016 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда, шоғырландырылған газ өндіру 4 032 млн. м³ немесе 10% өсті.

	1 жарты жылдық 2017 ж.	1 жарты жылдық 2016 ж.	Δ, (+/-)	Δ, %
Шоғырландырылған газ өндіру көлемі, млн.м³	4 032	3 675	357	10%
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ (шоғырландырылған)	673	684	-11	-2%
Тенгизшевройл (20%)	1 627	1 572	55	3%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	149	155	-6	-4%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	192	192	0	-
ҚМГ Қарашығанақ (10%)	956	830	126	15%
ҚМГ Қашаған В.В. (8,44%)	170	0	170	-
Өзгелер	265	242	23	10%

Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в бойынша 2016 жылы өндірістің тоқтап тұруына байланысты KMG Kashagan B.V. бойынша 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап газ өндіруді жаңғырту есебінен өсу болды.

3.3. Мұнайды магистралды құбырмен тасымалдау

Құбырлар арқылы қазақстандық мұнайдың негізгі қолданыстағы экспорттық бағдарлары мыналар болып табылады:

- Атырау-Самара құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий құбыр консорциумы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%).

Бұл ретте магистралды мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдауды «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымы жүзеге асырады (жалпы ұзындығы 5,4 мың км). «ҚазТрансОйл» АҚ экспортқа ішкі нарыққа арналған мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді, сондай-ақ мұнайды сақтау және ауыстырып тиеу бойынша қызметтерді көрсетеді.

Компаниялар бойынша магистральдық құбырлармен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
	28 893	28 278	615	2%
«ҚазТрансОйл» АҚ КО	22 732	21 923	809	4%
"МұнайТас" солтүстік-батыс құбыр өткізгіш компаниясы" АҚ	1 023	1 124	-101	-9%
"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС	3 992	3 613	379	10%
Batumi Industrial Holdings Limited	1 146	1 619	-473	-29%
Мұнай жүк айналымының көлемі (млн.тонна*км)	23 097	21 684	1 413	7%
"ҚазТрансОйл" АҚ КО	18 958	17 836	1 122	6%
"МұнайТас" солтүстік-батыс құбыр өткізгіш компаниясы" АҚ	409	444	-35	-8%
"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС	3 730	3 404	326	10%

*топ ішілік операцияларды шегергенде

Мұнайды магистралды құбырмен тасымалдау көлемі 615 мың тоннаға өсті, бұл «Роснефть» МК ЖАҚ-пен мұнай транзитін ұлғайтуға арналған қосымша келісімнің жасалуына, бірқатар компаниялардан мұнай тапсырудың өсуіне байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша өсуге негізделген. Бұдан басқа, 2016 жылғы қыркүйектің соңында Қашаған кен орнында мұнай және газ өндіру қайтадан басталды.

3.4. Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау

Мұнайды теңіз көлігімен тасымалдаудың негізгі қолданыстағы бағыттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы бағдарлар.
- Қара және Жерорта теңіздеріндегі бағдарлар.

Бағыттар бөлінісінде теңіз көлігімен мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
	3 096	3 383	-287	-8%
Ақтау-Баку	182	19	163	858%
Ақтау-Махачкала	154	688	-534	-78%
Черное море	1 283	1 446	-163	-11%
Средиземное море	770	734	36	5%
Түркменбаши-Баку	116	496	-380	-77%
Махачкала-Баку	591	0	591	-

*топ ішілік операцияларды шегергенде

2016 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда, тасымалдау көлемдерінің азаюы Ақтау портына мұнай жеткізу көлемінің азаюы есебінен болып отыр, себебі Махачкала портында «Транснефть» ЖАҚ мұнай сапасы бойынша талаптарды өзгертіп отыр. Бұл ретте, «Махачкала - Баку» бағыты есебінен мұнай жеткізу көлемінің өсуі болды, ол бойынша 2016 жылдың аяғынан бастап Каспий теңізінің Ресей бөлігінде орналасқан Юрий Корчагин атындағы мұнайгаз конденсаты кен орнынан Баку портына дейін мұнай тасымалдау жүзеге асырылуда.

2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда тасымалдау көлемдерінің ұлғаюы «Махачкала Баку» бағыты есебінен жүргізіледі, ол бойынша 2016 жылдың аяғынан бастап Баку портына дейін Каспий теңізінің ресейлік бөлігінде орналасқан Юрий Корчагин атындағы мұнай-газ конденсатты кенорнынан мұнайды тасымалдау жүзеге асырылады.

3.5. Газды тасымалдау

Газ тасымалдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: газдың халықаралық транзиті, экспортқа газ тасымалдау және ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалдау.

Газ тасымалдау көлемдері:

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. текше м)*	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
	47 667	44 892	2 775	6%
Халықаралық транзит	30 550	30 330	220	1%
Экспортқа газды тасымалдау	7 906	6 301	1 605	25%
Ішкі тұтынушылар үшін газды тасымалдау	9 211	8 261	950	11%
Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. текше м)	47 667	44 892	2 775	6%
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	35 520	33 569	1 951	6%
"ҚазТрансГаз-Аймақ" АҚ	1 282	1 373	-91	-7%
"Азиялық газ құбыр" ЖШС (50%)	9 958	9 304	654	7%
"Бейнеу - Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	907	645	262	41%

*топ ішілік операцияларды шегергенде

Газ тасымалдау көлемінің өсуі негізінен Қазақстан Республикасының кен орындарынан экспортқа газ жеткізу көлемінің артуына және газ тұтыну көлемінің өсуі себебіне байланысты оңтүстік өңірлердің ішкі тұтынушылары үшін газ тасымалдауға байланысты газ тасымалдау көлемінің өсуіне қол жетіп отыр.

3.6. Мұнайды өңдеу

Топтың өңдеуші бағыттары:

- Атырау мұнай өңдеу зауыты («ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесінің 99,49%): жобалық қуаты – жылына 5,0 млн. тонна, 2017 жылдың 1-жартыжылдығындағы өңдеу тереңдігі 65,6% құрады;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («ПетроҚазақстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз - өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесінің 49,73 %): жобалық қуаты – жылына 6,0 млн. тонна, 2017 жылдың 1-жартыжылдығында өңдеу тереңдігі 75,3% құрады;
- Павлодар мұнай-химия зауыты («ҚазМұнайГаз - өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесінің 100%): Қазақстанның барынша технологиялық күрделі мұнай өңдейтін зауыты. Өңдеудің теңгерімделген қуаты – жылына 5,1 млн. тоннаны құрайды, 2017 жылдың 1-тоқсанындағы өңдеу тереңдігі 76,68% құрады; Кәсіпорын Батыс Сібір кенорындарының мұнайын өңдеуге жобаланған;
- CaspiBitum - («ҚазМұнайГаз - өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесінің 50 %): ауыр қаражанбастық мұнайдан жол битумдарын өндіретін зауыт. Өңдеу бойынша жобалау қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare) екі МӨЗ «Petromidia» мен «Vega» және Petrochemicals мұнай-химия кешені (МХК) кіреді:
 - «Petromidia» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A.100 % қатысу үлесі) Жобалау қуаты – жылына 5,0 млн. тонна. МХК «Petromidia» МӨЗ-бен біріктірілген;
 - «Vega» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A.қатысу үлесінің 100%) жобалық қуаты - жылына 500 мың тонна. «Vega» МӨЗ шикізаттың баламалы түрлерін (нафта, ауыр көмірсутегі фракциялары, мазут) өңдеуге маманданған Румыниядағы бірден-бір кәсіпорын.

Көмірсутекті шикізаттың өңдеудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)*	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
	8 177	8 169	8	0,1%
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	2 509	2 098	411	20%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	2 649	2 342	307	13%
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (50%)	948	1 182	-234	-20%
«CASPI BITUM» (50%)	143	78	65	83%
KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare)	1 929	2 468	-539	-22%

*топ ішілік операцияларды шегергенде

ҚР МӨЗ бойынша өңдеу көлемі Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекітетін Өндірістік бағдарламасы арқылы реттеліп отыр. Атырау МӨЗ және Павлодар МХЗ көмірсутегі шикізатын өңдеу көлемінің өсуі тараптық ұйымдардан және ҚМГ БӨ-ден өңдеуге арналған мұнай жеткізілімінің ұлғаюына байланысты.

KMG International N. V. бойынша азақ есепті кезеңде Қара теңізде қолайсыз ауа-райы жағдайларымен түсіндірілді, осыған байланысты Петромидия зауыты ең аз қуатта, сондай-ақ 2017 жылғы мамырда зауытты жөндеуге тоқтатып жұмыс істеді.

3.7. Мұнай мен газды өткізу

Мұнайды өткізу

Есепті кезеңде мұнайды өткізуді Cooperative KazMunaiGaz U.A., «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС және KMG International N.V. компаниялары жүзеге асырды.

мың тонна	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Cooperative KazMunaiGaz U.A., "ҚМГ Қарашығанақ" ЖШС, "Қазақтүрікмұнай" ЖШС	4 598	1 562	3 036	194%
Өндірілген мұнайды өткізу (мың тонна)	102	91	11	12%
Мұнайдың трейдингі (мың тонна)	4 496	1 470	3 026	206%
KMG International N.V.*	5 527	4 519	1 008	22%
оның ішінде KMG Sub. мұнайды өткізу B.V.	1 471	505	966	191%
ҚМГ тобының деңгейінде KMG International N.V. өткізу*	4 056	4 014	42	1%
Жиыны	8 654	5 576	3 078	55%

* Компанияның жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есептегі мұнайды өткізуден түскен тиісті кірістер «Тоқтатылған қызметтен түскен кіріс/залал» бабында көрсетілген.

2016 жылғы сәуірден бастап Топ 2016 жылғы мамырдан бастап 48-айлық кезең ішінде 3 млрд. АҚШ долларға дейінгі сомада Компанияның шикі мұнай және сұйытылған мұнай газын (ТМД) алдын ала сатуды көздейтін мұнайға аванс беру жөніндегі мәміле шеңберінде мұнайды сатуды бастады. Мәміленің мәні болып табылатын мұнайдың көлемі "Теңізшевройл" ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы Топтың қатысу үлесіне тура келеді.

Газды өткізу

Табиғи газды өткізу негізінен «ҚазТрансГаз» АҚ есебінен жүзеге асырылады. Осы компанияның функциясына ішкі нарық үшін табиғи газды сатып алу, өңірлік газ бөлу желілері арқылы газды тасымалдау, газ бөлу объектілері мен желілерін пайдалану және ішкі нарықта табиғи газды өткізу кіреді. Экспортқа газды жеткізу Ресейге, Өзбекстанға және Қырғызстанға қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстары есебінен жүзеге асырылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ газын өткізу*	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Экспортқа газды сату (млн. текше м.)	1 988	1 178	810	69%
Ішкі нарыққа газды сату (млн. текше м.)	6 712	5 964	748	13%
Жиыны	8 700	7 142	1 558	22%

*топ ішілік операцияларды шегергенде

Экспортта газды өткізу көлемінің артуы Өзбекстанға газды қосымша өткізумен түсіндірілді. Бұдан басқа, есепті кезеңдегі тұтынушылар санының өсуіне және суық ауа-райы жағдайларына байланысты ішкі нарықта газды өткізу көлемі ұлғайды.

4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

(млн. теңге)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен кірістер	1 143 864	693 756	450 108	65%
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(977 661)	(629 642)	(348 019)	55%
Жалпы пайда	166 203	64 115	102 089	159%

(млн. теңге)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(32 269)	(64 970)	32 701	-50%
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	(132 846)	(94 828)	(38 019)	40%
Өзге де кірістер/(шығыстар)	(12 344)	(7 349)	(4 996)	68%
Операциялық пайда/(залал)	(11 257)	(103 032)	91 775	-89%
Теріс бағамдық айырма, нетто	18 659	(2 803)	21 461	-766%
Қаржылық кірістер	56 694	50 511	6 184	12%
Қаржылық шығыстар	(138 114)	(111 453)	(26 662)	24%
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануы	14 686	0	14 686	-
Еншілес ұйымдарды сатып алудан кіріс (шығыс)	(3 249)	0	(3 249)	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың кірістеріндегі/(залалдарындағы) үлесі	179 461	101 960	77 501	76%
Салық салғанға дейінгі пайда/залал	116 879	(64 817)	181 696	-280%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(90 845)	(67 224)	(23 621)	35%
Тоқтатылған қызметтен кіріс/(залал)	248 347	236 520	11 827	5%
Таза кіріс/(залал)	274 382	104 479	169 903	163%

4.1. Кірістер

Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен кірістер

(млн. теңге)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	146 787	126 836	19 951	16%
Шикі мұнай сату*	527 841	170 106	357 735	210%
Тауарлы газды сату	163 304	132 222	31 082	24%
Мұнайды тасымалдау	82 927	80 324	2 603	3%
Газды тасымалдау	73 219	76 748	-3 529	-5%
Мұнайды және мұнай өнімдерін өңдеу	68 154	44 637	23 517	53%
Мұнай сервис қызметтері	33 121	28 369	4 752	17%
Өзгелері	48 512	34 516	13 997	41%
Жиыны	1 143 864	693 756	450 108	65%

Өнімді өткізу және қызметтерді көрсету көлемдері	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	мың тонна	1 398	1 604	-206	-13%
Шикі мұнай сату	мың тонна	4 598	1 561	3 037	195%
Тауарлы газды сату	млн. текше м	8 698	6 954	1 744	25%
Магистралды құбырмен мұнайды тасымалдау	мың тонна*км	19 665	19 346	319	2%
Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау	мың тонна	1 524	1 923	-399	-21%
Газды тасымалдау	млн.м3*км	33 643	39 613	-5 970	-15%
Мұнайды және мұнай өнімдерін өңдеу	мың тонна	3 830	2 749	1 081	39%

Орташа қалыптасқан есеп айырысу бағалары	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	бір тоннасы үшін теңге	104 169	79 063	25 106	32%
Шикі мұнай сату	бір тоннасы үшін теңге	114 799	108 965	5 834	5%
Тауарлы газды сату	мың текше метр үшін теңге	18 774	19 014	-240	-1%
Магистралды құбырмен мұнайды тасымалдау	бір тоннасы үшін теңге	4 000	3 845	155	4%
Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау	бір тоннасы үшін теңге	2 800	2 533	267	11%
Газды тасымалдау	мың текше метр	2 176	1 937	239	12%

Орташа қалыптасқан есеп айырысу бағалары	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өңдеу**	үшін теңге бір тоннасы үшін теңге	17 795	16 236	1 559	10%

* шикі мұнай сапасының банкін ескере отырып

**Процессингтің орташа мөлшерлемесі (өңдеу)

Кірістер құрылымында шикі мұнайды сатудан түсетін кірістер үлесінің айтарлықтай өсуі байқалуда. Компания Шикі мұнайды алдын ала сату туралы мәміле жасасу негізінде шикі мұнайды сатудан түсетін түсімін өсірді (Мұнай және газ сату 3.7-тармағын қараңыз.). Және де, кірістердің өсуі есептік кезеңде мұнайға әлемдік бағалардың өсуі есебінен болып отыр.

Тауарлық газды сатудан түсетін кірістердің өсуі есептік кезеңде Өзбекстанға қосымша газ сату есебінен, сондай-ақ тұтынушылар санының өсуі және өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндіру көлемдерінің өсуі есебінен қалыптасты.

4.2. Шығыстар

Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

(млн. теңге)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Шикізат пен материалдар	545 055	266 509	278 546	105%
Жалақы бойынша шығыстар	138 360	123 901	14 459	12%
Тозу, сарқылу және амортизация	86 288	78 777	7 510	10%
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	42 380	32 832	9 547	29%
Көлік шығыстары	40 598	24 107	16 491	68%
Электр энергиясы	20 304	19 021	1 284	7%
Жөндеу және қызмет көрсету	14 457	12 787	1 670	13%
Өзге де салықтар	28 346	23 080	5 266	23%
Өзгелері	61 873	48 628	13 245	27%
Жиыны	977 661	629 642	348 019	55%

Есептік кезеңде шоғырландырылған құн 2016 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда 55% өсті. Негізінен өсім «шикізат және материалдар», «көліктік шығыстар», «пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық (ПҚӨС)» және «еңбекақы төлеу шығыстары» баптары бойынша қалыптасты:

- шикізат және материалдарды сатып алуға арналған шығыстардың өсуі (Мұнай және газ сату 3.7-тармағын қараңыз.) мұнай жеткізуді аванстау бойынша мәмілелер шеңберінде шикі мұнайды сату көлемдерінің өсуіне, Ресейге, Қырғызстанға сату үшін мұнай сату көлемінің өсуіне және өңірдегі ауа райының суықтығына байланысты болып отыр;
- көліктік шығыстардың өсуі «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбыры бойынша газ тасымалдау көлемінің өсуіне байланысты;
- НДПИ бойынша шығыстардың 29% өсуі мұнайдың орташа бағасының жоғары болуына байланысты, бұл эффект 2017 жылғы 1-ші жарты жылдықта теңгені АҚШ долларына айырбастау бағамы төмендеуіне байланысты ішінара теңестірілді;
- 2017 жылғы 1-ші жарты жылдықта қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша шығыстардың өсуі 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек шартының талаптарына сәйкес өндірістік персоналдың базалық еңбекақысын 7% индексациялаумен, сондай-ақ 2017 жылғы 1-ші жарты жылдықта сыйлықақы резервтерін есептеп жазуға байланысты;
- жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындар ұңғымаларды жер асты жөндеу көлемдерінің өсуі және 2017 жылғы 1-ші жарты жылдықта қабатта гидравликалық үзіліс (ГРП) бойынша жұмыстарға арналған тарифтердің асуы есебінен өсті;

Жалпы және әкімшілік шығыстар

(млн. теңге)	2017 жылдың 1- жартыжылды ғы	2016 жылдың 1- жартыжылды ғы	Δ, (+/-)	Δ, %
Еңбекақы бойынша шығыстар	25 180	23 283	1 897	8%
Өтеу бойынша ҚҚС құнсыздануы	(26 414)	6 936	(33 351)	-481%
Консультациялық қызметтер	3 519	4 725	(1 206)	-26%
Тозу және амортизация	6 225	3 244	2 981	92%
Салықтар	4 107	3 658	449	12%
Қайырымдылық	262	552	(290)	-53%
Өсімақылар, айыппұлдар және тұрақсыздық айыбы	22	15	6	41%
Саудалық дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резервтер	1 113	948	166	17%
Өсімақылар, айыппұлдар және салықтар бойынша резервтер	(633)	2 525	(3 159)	-125%
өзге ағымдағы активтердің құнсыздануына арналған резервтер	169	74	95	128%
ТМЗ құнсыздануына арналған резервтер	949	10	939	9587%
Есепке жатқызылмаған ҚҚС, (пропорционал әдіс)	1 078	379	699	185%
ЕТҚ кірмейтін әлеуметтік төлемдер (НПФ салықтарын және аударымдарды қоса алғанда)	2 340	3 335	(994)	-30%
Өзгелер	14 353	15 286	(933)	-6%
Қорытынды	32 269	64 970	(32 701)	-50%

Жалпы және әкімшілік шығыстардың кемуінің негізгі сомасы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-тың 2012-2015 жылдар үшін ҚҚС-тың орнын толтыруға өтінімдер беруіне байланысты «Өтеуге ҚҚС-тың құнсыздануы» бабы бойынша қалыптасты, соның нәтижесінде 30 млрд. теңге сомаға ҚҚС-тың орнын толтыру бойынша сторно провизия жүргізілді.

Өткізу бойынша шығыстар

(млн. теңге)	2017 жылдың 1- жартыжылдығы	2016 жылдың 1- жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Шикі мұнай экспортына ренттік салық	31 657	9 818	21 839	222%
ЭКБ қоса алғанда, кеден бажы	51 612	39 629	11 983	30%
Тасымалдау	36 761	32 755	4 006	12%
Жалақы бойынша шығыстар	3 220	2 933	287	10%
Тозу және амортизациялау	2 300	3 232	(932)	-29%
Өзгелері	7 297	6 461	836	13%
Жиыны	132 846	94 828	38 019	40%

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар негізінен мұнай өткізу көлемінің ұлғаюынан және мұнайға орташа бағаның жоғары болуынан ренттік салық және ЭТП шығыстардың өсуі есебінен 40% өсті, бұл орны теңгені АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының төмендеуімен өтелді.

Бұдан басқа, 2017 жылдың 1-жартыжылдығында экспорттық сатулардың ұлғаюы нәтижесінде көлік шығыстарының өсімі және ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық жалақының 7% индекстелуіне байланысты қызметкерлердің сыйақысы бойынша шығыстар өсімі болды.

Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

(млн. теңге)	2017 жылдың 1- жартыжылдығы	2016 жылдың 1- жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
--------------	--------------------------------	--------------------------------	----------	------

Теңізшевройл (20%)	140 054	93 859	46 195	49%
Маңғыстау Инвестментс БВ (50%)	21 604	17 256	4 348	25%
«ҚазГерМұнай» (50%)	11 903	3 010	8 893	295%
ПетроҚазақстан Инк (33%)	3 346	(6 909)	10 254	-148%
ҚазРесГаз (50%)	1 093	5 357	(4 263)	-80%
Қазақойл Ақтөбе (50%)	(2 707)	(2 268)	(439)	19%
Каспий құбыр консорциумы (20,75%)	24 096	1 292	22 804	1765%
Бейнеу-Шымкент (50%)	(17 523)	(8 010)	(9 513)	119%
Valsega Holdings BV (50%)	4 633	4 902	(270)	-6%
KMG Kashagan B.V. (50%)	(9 522)	(10 205)	683	-7%
Өзгелері	2 483	3 674	(1 191)	-32%
Жиыны	179 461	101 960	77 501	76%

2017 жылдың 1 жарты жылдығында бірлескен кәсіпорындардың және қауымдастырылған ұйымдардың кірісінің үлесі 77,5 млрд. теңгеге немесе 76 % өсті, 2016 жылдың 1 жарты жылдығында кіріс 101,6 млрд. теңге болса ол 179,5 млрд. теңгеге дейін өсті. Өсім мұнайдың орташа бағасының өсуі нәтижесінде 2017 жылдың 1 жарты жылдығында Топтың өндіруші активтері кірістерінің өсуіне байланысты.

2017 жылдың 1 жарты жылдығында «Каспий құбыр консорциумы» АҚ-тың кірістерінің 24 млрд. теңгеге дейін өсуі жинақталған шығынның кемуіне және 2016 жылдың аяғына дейін Топтың теңгерімінде КТК иелігінің (20,75%) бүкіл үлесін есепке алуға байланысты.

«КазРосГаз» ЖШС бойынша таза пайданың кемуі 2017 жылдың 1 жарты жылдығында қайырымдылық және демеушілік көмек бойынша резерв құруға байланысты.

«Бейнеу-Шымкент» ЖШС бойынша шығынның өсуі қаржылық кепілдіктің құнсыздануы нәтижесінде болды

Табыс салығы бойынша шығыстар

(млн. теңге)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Ағымдағы табыс салығы:	57 677	43 693	13 984	32%
Корпоративтік табыс салығы	53 600	39 424	14 176	36%
Үстеме пайдаға салық	147	65	81	125%
Алынған дивидендтер бойынша төлем көзінен салық	3 930	4 204	(274)	-7%
Мерзімі өткен табыс салығы:	33 168	23 531	9 638	41%
Жиыны	90 845	67 224	23 621	35%

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған 1 жарты жылдық үшін Компанияда кіріс салығы бойынша шығыстар 90,8 млрд. теңгені құрады, ол өз кезегінде 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23,6 млрд. теңгеге немесе 35% жоғары.

Өсім мұнайға әлемдік бағаның, тасымалдау таприфтерінің және мұнай, тауарлық газ сату көлемдерінің өсуі, мұнай тасымалдау көлемдерінің өсуі, «ҚазТрансГаз» АҚ-тың «ҚазРосГаз» ЖШС-ты сенімгерлікпен басқару шарты бойынша қызмет көрсетуден түсетін кірісті алуы есебінен КПН салықтық базасының өсуіне байланысты. Есептік кезеңде уақыттың айырмалардың ықпал жасау және активтер/негізгі қорлар құнының өзгеруі салдарынан, соның ішінде 2009-2012 жылдар үшін кешенді салықтық тексеру нәтижелері бойынша ҚМГ БӨ АҚ салықтық провизияларының кемуі есебінен кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығының мөлшері өсті.

Тоқтатылған қызметтен түсетін кіріс/(шығын)

Осы бапта Топтың компанияларымен ішкі топтық операцияларды шегеріп алып тастағанда, «KMG International N.V.» компаниясының, «Евро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» ЖШС-ның, «Қазақстан-Британия Техникалық университеті» ЖШС-тың көрсеткіштері көрсетілген. 2017 жылдың 1 жарты жылдығы үшін

тоқтатылған қызметтен түсетін Компания пайдасы 248,3 млрд. теңгені құрады, ал 2016 жылдың 1 жарты жылдығында бұл пайда 236,5 млрд. теңгені құрады, ол өз кезегінде 2016 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда 11,8 млрд. теңгеге немесе 5% өсімді білдіреді, негізгі өсім ҚМГ БӨ АҚ-тан мұнай сатып алу өсімі есебінен сыртқы тараптардан қайта сатып алу үшін мұнай сатып алу көлемінің кемуіне байланысты KMG International N.V. компаниясының көрсеткіштеріне келеді

4.3. Күрделі шығындар

Топтың күрделі шығындары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға арналған қаражатты салуды және өзге де шығындарды (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) қамтиды. Есепті кезеңде күрделі шығындар 265,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда 72 млрд. теңгеге аз.

2017 жылғы 30 маусымда аяқталатын 6 ай үшін Топтың барынша елеулі инвестициялық жобаларының қатарына мыналар жатады:

1. Атырау МӨЗ-де мұнайды тереңдетілген өңдеу кешенін және хош иісті көмірсутегіні өндіру кешенін салу;
2. Павлодар МХЗ жаңғырту;
3. Магистралды газ құбырларында өткізу қабілетін ұлғайту және Маңғыстау облысының елді мекендерінде газ бөлу желілерін жаңғырту және қайта жөндеу бойынша жобалар.
4. «Жамбыл», «Сәтпаев» барлау жобалары.

Қызметтің негізгі бағыттары бойынша күрделі салымдар:

(млн. теңге)	2017 жылдың 1-жартыжылдығы	2016 жылдың 1-жартыжылдығы	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай мен газды барлау және өндіру	47 113	89 607	-42 494	-47%
Мұнайды тасымалдау	7 453	13 544	-6 091	-45%
Газды тасымалдау	62 602	24 476	38 126	156%
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу	142 816	129 308	13 509	10%
Өзгелері	5 675	6 108	-432	-7%
Жиыны	265 660	263 042	2 618	1%

2016 жылдың 1-ші жарты жылдығында «KMG Drilling & Services» ЖШС бұрғылау қызметін көрсету шеңберінде «Тенгизшевройл» ЖШС үшін 28,5 млрд. теңгеге бұрғылау қондырғысын сатып алды. Және де, есептік кезеңде 2016 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда, «Мұнай және газ барлау және өндіру» бағыты бойынша бұрғылау көлемінің және құрылыс-монтаждау жұмыстарының кемуі, сондай-ақ «Мұнай тасымалдау» бағыты бойынша күрделі салымдардың кемуі байқалады.

Сонымен бір мезгілде, Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жобалары бойынша күрделі салымдардың өсімі байқалады және «БГР-ТБА» магистральды газ құбырында «АГРС Иссyk құрылысы» жобасын жүзеге асырумен байланысты газ жобалары бойынша және «Бұқара-Орал» магистральды газ құбырының 2-ші тінінің күрделі жөндеудің аяқталуына байланысты күрделі салымдардың өсімі байқалады.

ГЛОССАРИЙ

BTL – Batumi Terminal Limited

EBITDA – амортизациялауға салықтарды, шығыстарды төлегенге дейінгі пайданың көлемін және кредиттер бойынша пайыздарды көрсететін талдамалық көрсеткіш

KMG Int.– интеграцияланған румындық мұнай-газ компаниясы KMG International N.V.

АҚМС- Ақтаумұнайсервис (АҚМС тобы «Oil Service Company» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС)

АГҚ – Азия газ құбыры (Қытайға ортаазиялық газды тасымалдауға арналған магистралды газ құбыры)

АЖС – автомобильдік жанармай құю станциясы

АМӨЗ – Атырау мұнай өңдеу зауыты

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, ҚазМұнайГаз, ҚМГ, Компания – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

БГА-ТБА - Бұқар газды ауданы –Ташкент–Бішкек–Алматы

ББШ – «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистралды құбыры
ЕТҰ – еншілес тәуелді ұйым
ШГА/ЕҰЗ - Шикі газды айдау/екінші ұрпақ зауыты
ИТД – инновациялық-технологиялық даму
ҚПО- Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В.
КТЖ – Теңіз кенорнындағы кешенді технологиялық желі
ҚМГ ҚМ – «ҚМГ – өңдеу және маркетинг» АҚ
ХӨК – хош иісті көмірсутегілерді өндіру кешені
ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіштері
ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ
КҚК – Каспий құбыр өткізгіш консорциумы (Теңіз кенорнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін мұнайды тасымалдауға арналған магистралды мұнай құбыры)
ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ
ҚМГ КО – корпоративтік орталық, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппараты
МГ - магистралды газ құбыры
ҚР ЭМ - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
ҮПС - үстеме пайдаға салық
МӨЗ - мұнай өңдеу зауыттары
СҚБЖ/БКЖ – сағалық қысымды басқару жобасы/Теңіз кенорнын болашақтағы кеңейту жобасы
ІҚК -іске қосу кешені
ПҚОП – Шымкент мұнай өңдеу зауытының иесі «Петроқазақстан Ойл продактс» АҚ
ПМХЗ – Павлодар мұнай өңдеу зауыты
ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама
ҚМГ БӨ - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ББҰ - бірлесіп бақыланатын ұйым
СКЖ - Солтүстік Каспий жобасы
СКЭДБ – Солтүстік Каспий мұнай құюға арналған экологиялық ден қою базасы
ҚМЖ - құрылыс-монтаж жұмыстары
БК - бірлескен кәсіпорын
ӨКЖБҚ - өздігінен көтерілетін жүзетін бұрғылау қондырғысы
ӨБК - өнімді бөлу туралы келісім
ТШО – «Теңізшевройл» ЖШС
КС - көмірсутек
КСШ – Көмірсутегі шикізаты
БӨОК – ҚР Энергетика министрлігінің Барлау және өндіру жөніндегі орталық комиссиясы
ЭКБ –Экспорттық кеден бажы